

А.Т. Бекмуратова, А.Б. Байдыбек
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті
«Дәрілер технологиясы және инженерлік пәндер» кафедрасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖҰМСАҚ ДӘРІЛІК ҚАЛЫПТАР НАРЫҒЫН МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ

Мақалада Қазақстан Республикасының жұмсақ дәрілік қалыптар нарығына маркетингтік зерттеулер жүргізілді. Зерттеу барысында шетелдік дәрілік заттардың импорты арта түскені анықталды, олар: жақпамайлар, гельдер, кремдер, пасталар және линименттер. Фармацевтикалық нарықта қалыптасқан жағдайды ескере отырып, отандық өндірушілерге дәрілік заттардың осы категориясын импортталмастыруға бағытталуын ұсынуға болады. Өз кезегінде бұл шетелдік дәрілік заттарға тәуелділігін төмендетуге және отандық фармацевтикалық өнеркәсібін дамытуға септігін тигізеді.

Түйінді сөздер: маркетингтік зерттеу, жұмсақ дәрілік қалыптар, жақпамайлар, отандық өндірушілер.


Кіріспе. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында халықтың және емдеу-профилактикалық ұйымдардың дәрілік заттарғы қажеттілігі толығымен қамтылаған, бірақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік реестрінде тіркелген дәрілік қалыптардың жалпы санынан отандық дәрілік заттардың үлесі 11,44 %-ды құрайды.

Өзектілігі. Халықтың орташа өмір сүру ұзақтығының өсуі және халық санының артуы дәрілік заттарға сұранысты арттырады, соның ішінде қарт адамдардың ауруларын емдеу және профилактикасына арналған дәрілік заттар. Дәрілік заттардың өндірісінің үнемі артып отыруына сұраныс, сонымен қатар, жұмсақ дәрілік қалыптардың өндірісіне сұраныс, бұның салдары болады.

Зерттеу мақсаты. Жаңа эффективті жұмсақ дәрілік қалыптарды өндіру. Заманауи жұмсақ дәрілік қалыптарды жасауда жаңа зерттеулерді жоспарлау барысында нарыққа маркетингтік талдау жасау маңызды сатылардың бірі болып табылады.

Зерттеу материалы мен әдістері. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік реестрінде 8025 дәрілік заттар тіркелген. Жұмсақ дәрілік қалыптар үлесіне 406 атау сәйкес, бұл жалпы тіркелген дәрілік қалыптар санының 5,05%-ын құрайды [1].

Жұмсақ дәрілік қалыптар – «жақпамайлар», пластикалық-иілгіш-тұтқыр негізді түрлі консистенциялы, сыртқа қолдануға арналған дәрілік жиынтық тобы, олар: жақпамайлар, пасталар, кремдер, гельдер және линименттер [2](сурет 1).



Сурет 1 - ҚР нарығында жұмсақ дәрілік қалыптардың таралуы

Диаграмма дәріханалар желісінде жұмсақ дәрілік қалыптардың ассортименті жайында ақпаратты көрсетеді.

Қазақстан Республикасына жұмсақ дәрілік қалыптағы дәрілік заттарды 100-ден аса шетелдік фармацевтикалық фирмалар жеткізеді, қатарында Германия, Австрия, Португалия, Бельгия, Швейцария, Польша, Венгрия, Словения, Италия, Эстония, Литва, Индия, Иран және т.б. елдері.

Қазақстан Республикасы нарығына жақпамайлардың ең үлкен ассортиментін келесі фирмалар жеткізеді: «Нижфарм» (Ресей), «Schering», «Bayer», «Schering – Plough» (Германия), «Ranbaxy, Lupin, Microlabs, Glenmark, Agio» (Индия), Польша, Борисовский ЗМП (Белоруссия), Борщаговский ХФЗ, ФФ «Дарница» (Украина), «Shering» (Италия), Таллинский завод АҚ (Эстония), «Gedeon Richter» (Венгрия), «Lek, KRKA» (Словения) (кесте 1).

Кесте 1 - Қазақстан Республикасы нарығындағы жұмсақ дәрілік қалыптарды өндіруші шетелдік өндірушілер

№	Өндіруші ел	Фирма атауы	Атаулар саны	Үлесі, %
1	Қазақстан	Химфарм, Ромат, «Шаншаров» ЖШС, Нобел және т.б.	35	8,62
2	Германия, Португалия, Бельгия	Schering, Bayer, Schering – Plough	22	5,93
3	Индия	Ranbaxy, Lupin, Microlabs, Glenmark, Agio	20	5,38
4	Швейцария	Novartis	5	1,34
5	Польша	Jelfa	20	5,38
6	Венгрия	Gedeon Richter	8	2,15
7	Словения	Lek, KRKA	8	2,15
8	Италия	Shering	9	2,43
9	Эстония	Таллинский ФЗ	9	2,43
10	Ресей	Нижфарм, Алтайвитамины	43	11,59
11	Украина	Борщаговский ХФЗ, ФФ Дарница	16	4,31
12	Белоруссия	Борисовский ЗМП	19	5,12
13	Литва	Sanitas	5	1,34
14	Басқа елдер	1-4 атаулар жеткізеді	187	50,4

Кестеде көрсетілгендей тіркелген жұмсақ дәрілік қалыптардың жалпы санының 91,38%-ы шетелдерден импортталған.

Қазіргі таңда отандық өндірушілерде заманауи жоғарытехнологиялық жұмсақ дәрілік қалыптардың өндірісінің қажеттілігі байқалады. Отандық алғы қатардағы зауыттар: Нобел АФК, Фармация 2010, Шаншаров Фарм, Қызылмай (кесте 2).


Кесте 2 - Қазақстан Республикасы нарығындағы жұмсақ дәрілік қалыптарды өндіруші отандық өндірушілер

№	Фирма атауы	Атаулар саны	Үлесі, %
1	Нобел АФК	12	2,96
2	Фармация 2010	10	2,46
3	Шаншаров Фарм	8	1,97
4	Қызылмай	2	0,49
5	Химфарм	1	0,25
6	Досфарм	1	0,25
Жалпы		35	8,62

Кесте деректері бойынша, жұмсақ дәрілік қалыптардың 8,62%-ы отандық өндірушілер үлесіне келеді. Фармацевтикалық нарықта қолданылатын фармакологиялық активті субстанциялардың әртүрлілігі (кесте 3) түрлі ауруларға қарсы жақпамайлар құрамында қолданылуын қарастырады (сурет 2).

Кесте 3 - Жақпамайлар құрамына кіретін фармакологиялық субстанциялар топтары

№	Фармакологиялық тобы	Үлесі, %
1	Гормондар	13,8
2	Қабынуға қарсы заттар	14,0
3	Антисептикалық заттар	8,0
4	Антибиотиктер	11,7
5	Зең саңырауқұлақтарына қарсы заттар	6,5
6	Вирусқа қарсы заттар	3,7
7	Жергілікті тітіркендіргіш заттар	6,5
8	Фитопрепараттар	5,0
9	Метаболикалық процесстерді қалпына келтіретін заттар	2,5
10	Кератоликалық заттар	8,5
11	Антикоагулянттар	2,3
12	Ангиопротекторлар. Микроциркуляция корректорлары	2,1
13	Антигистаминді заттар	2,0
14	Паразиттерге қарсы заттар	1,8
15	Сульфаниламидтер	0,5
16	Антиоксиданттар	0,9
17	Эпителизацияны жылдамдататын заттар	4,3
18	Жергілікті жансыздандыратын заттар	0,6
18	ДӨШ-нан БАЗ. Басқа дәрілік заттар	3,2



Сурет 2 - Жақпамайлардың фармакологиялық әсеріне байланысты жіктелуі

Қазіргі таңда жұмсақ дәрілік қалыптар емдік, профилактикалық және диагностикалық заттар ретінде түрлі медициналық араласу, хирургия, стоматология, офтальмология, оториноларингология, проктология, гинекология және дерматология салаларында кеңінен қолданылады. Сонымен қатар, емдік-косметикалық және қорғаныс мақсанда да қолданылады [1,4].

Қорытынды. Осылайша, Қазақстан Республикасының жұмсақ дәрілік қалыптар нарығында шетелдік дәрілік заттардың импорты басым деген шешім шығаруға болады. Олар: жақпамайлар, гельдер, пасталар, кремдер және линименттер. Фармацевтикалық нарықта қалыптасқан жағдайды ескере отырып, отандық өндірушілерге дәрілік заттардың осы категориясын импорттастыруға бағытталуын ұсынуға болады. Өз кезегінде бұл шетелдік дәрілік заттарға тәуелділігін төмендетуге және отандық фармацевтикалық өнеркәсібін дамытуға септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Государственный реестр лекарственных средств, изделий медицинского назначения и медицинской техники Республики Казахстан.
- 2 Багирова В. Л., Демина Н. А., Кулинченко Н. А. Мази. Современный взгляд на лекарственную форму // Фармация. – 2002. - №2. – С. 24-26.
- 3 Чуешов В.И., Чернов Н.Е., Хохлова Л.Н. и др Промышленная технология лекарств. – Харьков: НФаУ «МТК-Книга», 2002. – Т.2. – 443 с.
- 4 Перцев И.М., Котенко А.М., Чуешов О.В., Халеева Е.Л. Фармацевтические и биологические аспекты мазей. – Харьков: НФаУ «Золотые страницы», 2003. - 278 с.

А.Т. Бекмуратова, А.Б. Байдыбек

МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ РЫНКА МЯГКИХ ЛЕКАРСТВЕННЫХ ФОРМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Резюме: В работе проведен маркетинговый анализ рынка мягких лекарственных форм Республики Казахстан. В результате анализа выявлено преобладание иностранных лекарственных средств: в виде мазей, гелей, кремов, паст и линиментов. Принимая во внимание ситуацию на фармацевтическом рынке, можно рекомендовать отечественным производителям сосредоточиться на импортозамещении, этой категории лекарственных форм. В свою очередь, это поможет снизить зависимость от иностранных лекарств и развитие отечественной фармацевтической промышленности.

Ключевые слова: маркетинговые исследования, мягкие лекарственные формы, мази, отечественные производители.

A.T. Bekmuratova, A.B. Baidybek

MARKETING RESEARCHES OF THE MARKET OF SOFT DRUGS OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Resume: In the work the marketing analysis of the market of soft medicinal forms of the Republic of Kazakhstan was carried out. As a result of the analysis, the prevalence of foreign medicinal products was revealed: in the form of ointments, gels, creams, pastes and liniments. Taking into account the situation on the pharmaceutical market, it is possible to recommend domestic manufacturers to focus on import substitution, this category of medicinal forms. In turn, this will help reduce dependence on foreign medicines and the development of the domestic pharmaceutical industry.

Keywords: marketing research, soft drug forms, ointments, domestic producers